

Астана қаласы мен Ақмола облысының
білім және ғылым қызметкерлері
кәсіподағының кезектен тыс XXVII
конференциясында бекітілген



**«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері
кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық
ұйымының» қоғамдық бірлестігінің
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Кәсіптік одағы» филиалының
ЕРЕЖЕСІ**

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымының» қоғамдық бірлестігінің
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Кәсіптік одақ филиалының**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымының» қоғамдық бірлестігінің «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті Кәсіптік одағы» филиалы (ары қарай мәтін бойынша – Филиал) «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымының» құрылымдық филиалы болып табылады және облыстық кәсіподақ ұйымының конференциясында өндірістік-салалық және әкімшілік-аумақтық принцип бойынша құрылады.

1.2. Филиал Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті Кәсіптік одақ ұйымдарын біріктіреді.

1.3. Филиал аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткеннен кейін осы Ереже негізінде банкте есептік шот ашуға, белгіленген тәртіпте мөр, бланкілер және мөртабан иеленуге құқылы.

1.4. Филиал өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымының» Жарғысына және «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының» Жарғысына сәйкес жүргізеді.

1.5. Филиал өз қызметінде мемлекеттік органдарға, жұмыс берушілерге, саяси партиялар мен өзге де қоғамдық ұйымдарға тәуелді емес, оларға есеп бермейді және бағынышты емес, олармен қарым-қатынасты әлеуметтік әріптестік негізінде құрады.

1.6. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымының» қоғамдық бірлестігінің Заңды тұлғаның орналасқан жері: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 112, Қазақстан Республикасы Ақмола облысы әділет департаменті тіркеу бизнес-сәйкестендіру нөмірі: 951240001202 2015ж., 09.01.2015ж. тіркелген.

1.7. Филиалдың мекен-жайы: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 76.

1.8. Филиалдың іс-әрекет мерзімі шектелмеген.

**2. ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ ЖӘНЕ ФИЛИАЛДЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ
МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ**

2.1. Қызметтің мәні – өз мүшелерінің еңбек, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтыры мен мүдделеріне өкілдік ету және қорғау болып табылады.

2.2. Негізгі мақсаты:

- жалпы мәселелерді шешуде кәсіподақ мүшелерінің қызметін біріктіру және үйлестіру;
- ұжымдық шарттар мен келісімдер әзірлеу және қабылдау, олардың орындалуына қоғамдық бақылау;
- ұйымдарда еңбек заңдары мен нормативті актілердің сақталуына қоғамдық бақылау;
- еңбеккерлер мен балаларды сауықтыруды ұйымдастыруға көмектесу;

